

"Мемлекеттің валюта резервтерін қалыптастыру және валюталық шығыстарды ретке келтіру жөніндегі шұғыл шаралар туралы"

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1993 жылғы 27 желтоқсан N 1483. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Ұлттық валюта - теңгенің енгізілуіне және оның басқа валюталарға қайтымдылығын қолдау үшін, сондай-ақ елдің төлем балансын жақсарту мақсатында валюта қаражатын пайдалану жүйесін ретке келтіру үшін алтын-валюта резервтерін қалыптастыру қажеттігіне байланысты қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі теңгенің басқа валюталарға қайтымдылығын, ақша жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету және теңгенің айырбас бағамын реттеу үшін алтынмен, еркін айналыстағы валютамен және өзі айқындайтын тізбе бойынша басқа да шет ел валютасымен алтын-валюта резервтерін қалыптастыратын болып белгіленсін.

1994 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің тұрақтандыру қоры таратылсын. Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі тұрақтандыру қоры қаражатының қалдықтары Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің алтын-валюта резервтеріне есептелсін.

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі 1994 жылғы 10 қаңтарға дейінгі мерзімде "Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің алтын-валюта резервтерін қалыптастыру және пайдалану тәртібі туралы" Ереженің жобасын бекітуге т а п с ы р с ы н .

2. 1994 жылғы 1 қаңтардан бастап Республикалық валюта қоры таратылсын. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

- 1993 жылғы 15 желтоқсандағы жағдайы бойынша алтын мен күміс сатудан (салудан) алынған Республикалық валюта қоры қаражатының қалдықтарын алтын-валюта резервтерін толықтыру үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық б а н к і н е т а п с ы р с ы н ;

- бұдан бұрын алтын мен күміс сатудан (салудан) алынып, пайдаланылған валюта қаражатын келіп түсіп жатқан валюталық табыстардың, оның ішінде кедендік экспорт бажының және төленуі бұрын кейінге қалдырылған төлемдердің, бонустардың және бюджетке шет ел валютасымен түсетін басқа да қаражаттың есебінен Қазақстан Республикасы Ұлттық банкіне өтеуді қамтамасыз етсін. Осы өтемақы төлеу аяқталған соң осындай валюталық табыстарды Қазақстан Республикасы Ұлттық банкіне алтын-валюта резервтерін толықтыру

үшін сатуды қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Республикалық валюта қорының қаражатын жұмсау жөнінде бұдан бұрын қабылданған шешімдердің орындалуын тоқтатсын.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Экономика министрлігі және Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі 1994 жылғы 15 қаңтарға дейін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне аса қажет емес шешімдердің күшін жоюды көздей отырып, осы шығыстарды қысқарту жөнінде ұсыныстар енгізсін.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті 1994 жылғы 20 қаңтарға дейін Республикалық валюта қорының қаражатын бөлу жөнінде қабылданған шешімдерді қайта қарасын.

3. 1994 жылғы 1 қаңтардан бастап облыстық (қалалық) валюта қорлары таратылсын. Осыған байланысты облыстардың (қалалардың) әкімдері облыстар (қалалар) пайдаланған сыртқы кредиттер бойынша орын алып отырған шет елдік валютадағы берешекті өтеуді қамтамасыз етіп, облыстық (қалалық) валюта қорлары қаражатының қалдықтарын алтын-валюта резервтерін толықтыру үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіне сататын болсын.

4. 1994 жылдың 1 қаңтарынан бастап еркін айналыстағы валютаға және ресей рубліне сатып алынатын тауарлар (жұмыстар, қызметтер) жөніндегі Үкіметтің және атқарушы өкімет органдарының қауырт қажеттерін қанағаттандыру;

- оларды тиісті бюджеттерге осы мұқтаждарға көзделген қаражат есебінен Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі сату күні белгіленген бағам бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінен сатып алу арқылы;

- сыртқы заемдар мен кредиттер есебінен жүзеге асырылатын болып белгіленсін.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне өнімді кейіннен еркін айналыстағы валютаға және ресей рубліне өткізу мақсатында оны республика кәсіпорындарынан сатып алу үшін жекелеген жағдайларда бюджет кредит бөлу құқығы берілсін.

5. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті 1994 жылғы арналған республикалық бюджет жобасының шеңберінде Қазақстан Республикасы сыртқы берешегінің ең жоғарғы лимитін және сыртқы заемдарға берілетін Қазақстан Республикасы кепілдіктерінің лимитін көздеп оларды бекітуге енгізсін.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті 1994 жылғы 15 қаңтарға дейін Қазақстан Республикасының кепілдіктерімен берілуі мүмкін сыртқы кредит бөлу жобаларының тізбесін бекітіп, оны жарияласын және 1994 жылға арналған бюджеттің жобасында алынатын сыртқы кредиттер бойынша аванстық және басқа төлемдер үшін қаражат көздесін.

6. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі басқа министрліктермен бірлесе отырып, 1994 жылғы 1 ақпанға дейін мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың және акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі кәсіпорындардың (бұдан әрі - мемлекеттік кәсіпорындар) сыртқы берешегі, оның ішінде бұрынғы КСРО елдерінің банкілері мен кәсіпорындарына берешегі туралы жиынтық есеп әзірлеп, оны Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне енгізсін.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті есепті қарау қорытындылары бойынша кәсіпорын мен мемлекеттің қаржы мүмкіндігінен асып кететін мемлекеттік кәсіпорындардың сыртқы берешегіне жол бермеуге бағытталған тиесілі шешім қабылдасын, сондай-ақ осы мәселе бойынша тоқсан сайын есеп беріп отыру тәртібін бекітсін.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті 1994 жылғы 10 қаңтарға дейін мемлекеттік кәсіпорындардың сыртқы кредиттер алу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кепілдігімен сыртқы кредиттер алу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кепілдігімен сыртқы кредиттер алу тәртібін бекітсін.

7. Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі 1994 жылдың 25 қаңтарына дейін мемлекеттік кәсіпорындардың импорттық контрактілеріне талдау жасап, өндірістен тыс импортты күрт қысқарту жөнінде, сондай-ақ импорт бойынша тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) міндетті түрде конкурс негізінде сатып алуды енгізу жөнінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне ұсыныстар енгізсін.

Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі жанындағы Бас кеден басқармасымен бірлесе отырып, 1994 жылғы 15 қаңтарға дейін импорттық контрактілер бойынша мемлекеттік кәсіпорындар сатып алатын тауарлардың бағасы мен сапасын бақылау жүйесін құру жөнінде ұсыныстар әзірлеп, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне енгізсін. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті осы жүйенің 1994 жылғы 1 наурыздан бастап күшіне енгізілуін қамтамасыз етсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті